

**Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2004 жылғы 29 сәуірдегі "Арнайы есепке алудың жекелеген түрлерін жүргізу мен пайдаланудың Қағидаларын бекіту туралы" N 23 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2006 жылғы 19 қыркүйектегі N 48 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2006 жылғы 13 қазанда Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне N 4422 болып енгізілді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2014 жылғы 10 шілдедегі № 71 бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды - ҚР Бас Прокурорының 10.07.2014 № 71 бұйрығымен (бірінші ресми түрде жарияланғаннан бастап қолданысқа енгізіледі)**

Арнайы есепке алудың жекелеген түрлерін жүргізу мен пайдалануды жетілдіру мақсатында, "Прокуратура туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 4-1) тармақшасын басшылыққа ала отырып, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2004 жылғы 29 сәуірдегі "Арнайы есепке алудың жекелеген түрлерін жүргізу мен пайдаланудың Қағидаларын бекіту туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Реестрінде N 2843 тіркелген) N 23 бұйрығына келесі өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

осы бұйрықпен бекітілген арнайы есепке алудың жекелеген түрлерін жүргізу мен пайдалану Қағидаларында (бұдан әрі - Қағидалар):

барлық мәтін бойынша "шетелдіктер" сөзі "шетел азаматтары" сөздерімен ауыстырылсын;

3-тармақта "көші-қон қызметтері" сөздерінен соң ", Қазақстан Республикасының халықты құжаттау және тіркеу органдары" сөздерімен толықтырылсын;

10-тармақтың бірінші азат жолында "Басты ақпараттық" сөздері "Басты ақпараттық-талдау" сөздерімен ауыстырылсын;

13-тармақтың бірінші азат жолында "құрылады" сөзінен соң "және аумақтық органға жолданады" сөздерімен толықтырылсын;

15-тармақтың бірінші азат жолы келесі редакцияда жазылсын:

"15. Сот үкімінің (қаулысының) заңды күшке енгенінен соң, тергеу абақтысының әкімшісі үкімнің заңды күшке енгені туралы анықтаманы алғаннан кейін 5 жұмыс күні ішінде аумақтық органға сот үкімінің заңды күшке ену мәні

туралы мәліметтер бейнеленген сотталған туралы хабарламаны ұсынады. Сотталушы жазаны өтеу орнына жіберілгенінен кейін, тергеу абақтысының әкімшісі 5 жұмыс күні ішінде аумақтық органға сотталғанның жіберілуі туралы хабарлама жолдайды.";

#### 18 - тармақта :

бірінші азат жолда "облыс аумағында" сөздерінен соң "5 жұмыс күні ішінде," сөздерімен толықтырылсын;

екінші азат жол келесі редакцияда жазылсын:

"Басқа облыстар, ТМД мемлекеттер соттарымен сотталған, сол облыстың түзеу мекемесіне жазасын өтеуге жіберілген тұлғаларға әліпбилік есепке алу кәртішкесінің 1 данасы және сотталған туралы хабарламаның 2 данасы құрылады .";

20-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"20. Сотталғанға, жазасын түзеу мекемесінде өтеушіге қатысты үкімнің өзгертілуі жағдайында түзеу мекемесінің (тергеу абақтысының) әкімшісі оның орындалуы туралы тиісті сотты ескертеді және 5 жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер туралы мәліметтерді белгілеумен сотталған туралы хабарламаны аумақтық органға жолдайды. Басқа аймақта сотталған тұлғаға қатысты сотталу орны бойынша аумақтық органдарға сол мерзімде тиісті мәліметтермен сотталған туралы хабарлама ұсынылады.";

26-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"26. Істі қайта қарау бойынша соттың тиісті үкімінің (қаулысының) келіп түсуіне дейін босатылған тұлғаларға қатысты үкімнің өзгертілуі жағдайында түзеу мекемесінің (тергеу абақтысының) әкімшісімен сотталу туралы хабарлама осы Қағиданың 20-тармағымен белгіленген тәртіпте ұсынылады.";

6-тараудың атауында "есепке алу құжаттарын көші-қон қызметі органдарымен" сөздері "әділет органдарымен тұлғалар арқылы анықтау мәліметтерінің өзгеруі туралы деректерді" сөздерімен ауыстырылсын;

27-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"27. Астана, Алматы қалаларының және облыстардың әділет департаменттерімен (бұдан әрі - Әділет департаменттері) әр айдың 15 және 30 күндеріне дейін сандарына Комитеттің аумақтық басқармаларына анықталған нысан бойынша (NN№б қосымша) анықтау мәліметтерінің (тегі, аты және әкесінің аты, ұлты, туған жылы) өзгертілу себептері бойынша жеке басын куәландыратын құжаттарды ауыстыру мәселесі жөнінде аудандық және қалалық әділет органдарына жүгінген азаматтар туралы мәліметтер жолданады.";

29-тармақта "оған қатысты," сөздерінен соң "сондай-ақ, Қазақстан Республикасының заңымен қаралған басқа да негіздер бойынша есептен алу кезінде" сөздерімен толықтырылсын;

30-тармақтың бірінші азат жолында "олардың жеке басын анықтайтын" сөздерінен соң "(Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі немесе төлқұжаты, шетел азаматының Қазақстан Республикасындағы ықтияр хаты, азаматтығы жоқ тұлғаның куәлігі)" сөздерімен толықтырылсын;

келесі редакциядағы 30-1 тармағымен толықтырылсын:

"30-1. Жеке басын анықтаушы құжаттары немесе белгілі тұрағы жоқ шетел азаматтары жалпы тәртіпте есепке алынулары тиіс.";

3 1 - т а р м а қ т а :

1) тармақшада "істің қаралуы" сөздерінен соң ", елтаңбалы мөрмен басылған;" сөздерімен толықтырылсын;

3) тармақша келесі редакцияда жазылсын:

"3) соттылығын алу туралы қаулылар көшірмелері (істі қарау кезінде Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Қылмыстық-атқару жүйесінің комитеті басқармаларының қылмыстық-атқару инспекцияларында есепке алынған тұлғаларға қатысты қаулылардан басқа);";

43-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"43. Анықтау мәліметтерін өзгерткен азаматтар туралы Әділет департаменттерінен келіп түскен мәліметтерді Комитеттің аумақтық басқармалар қызметкерлері тегі бойынша есепке алу арқылы тексереді. Анықтау мәліметтерін өзгерткен азаматтарға қатысты мәліметтер болғанда жаңа сауалнамалық мәліметтер бойынша әліпбилік кәртішкенің 2 данасы құрастырылады оның 1 данасы 5 жұмыс күнінен кешіктірілмей Комитетке жолданады.";

13-тараудың атауында "және көші-қон қызметінің" сөздері ", көші-қон қызметінің, Қазақстан Республикасының халықты құжаттау және тіркеу органдарының" сөздерімен ауыстырылсын;

58-тармақтың бірінші азат жолында "көші-қон қызметінің бөлімдері," сөздерінен соң "Қазақстан Республикасының халықты құжаттау және тіркеу органдары," сөздерімен толықтырылсын;

60-тармақтың бірінші азат жолында "көші-қон қызметінің бөлімдерімен," сөздерінен соң "Қазақстан Республикасының халықты құжаттау және тіркеу органдарымен," сөздерімен толықтырылсын;

65 және 68 тармақтарда "59" саны "60" санымен ауыстырылсын;

68-тармақ келесі редакциядағы ескертпемен толықтырылсын:

"Ескертпе: Құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілері болып табылмайтын және осы Қағиданың 77-тармағында белгіленген органдар және ұйымдар санатына жатпайтын заңды тұлғалармен мәліметтердің талап етілуі осы Қағиданың 72-тармағына сәйкес жүзеге асырылады.";

70-тармақ келесі мазмұндағы екінші бөліммен толықтырылсын:

"Соттылығы болған жағдайда сот шешімінің көрсетілуімен соттылығы туралы анықтама беріледі (NN№24-1 қосымша).";

ескертпеде "Соттылығының болуы туралы мәліметтер (өшірілуі немесе алынуы)" сөздері "Анықтамалар" сөзімен ауыстырылсын;

74-тармақта "өтелуі немесе" сөздері алып тасталсын;

77-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"77. Азаматтарға қатысты тексеру іс-шараларын жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдар мәліметтердің талап бланкілерінде ж а з ы л у л а р ы н а с ұ р а у с а л а д ы .

Тегі бойынша есепке алу мәліметтері тексеру іс-шараларын жүзеге асыруға уәкілетті мемлекеттік органдар мен ұйымдарға соттылығының жойылуы немесе алынуына, не болмаса қылмыстық қудалаудың қысқартылу негізіне байланыссыз ақпараттық есепке алу құжаттарының (10-қосымша) сақталу мерзімдеріне сәйкес ұсынылады. Сұрау салулар 10 күнтізбелік күн ішінде орындалады.

Ескертпе: Мемлекеттік қызметке үміткер мемлекеттік қызметшілерге (оларға теңестірілгендерге) қатысты мәліметтерге сұрау салу сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасаған тұлғаларды есепке алуды реттейтін нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.";

79-тармақтың бірінші азат жолы келесі редакцияда жазылсын:

"79. Жазаны өтеу жерінде өлгендер туралы мәліметтер ақпараттық есепке алу құжаттарын тегі бойынша және дактилоскопиялық картотекаларда (10-қосымша) сақтау мерзімі тізімдемесінің 2-тармағымен қаралған сақталу мерзіміне сәйкес беріледі.";

16-тараудың атауы келесі редакцияда жазылсын:

"16-тарау. Анықтау, тергеу немесе сот және жазасын өтеуден жасырынған тұлғаларды есепке алу";

8 2 - т а р м а қ т а :

2) тармақша келесі редакцияда жазылсын:

"2) мемлекетаралық іздеу жариялау туралы қаулы";

4) тармақша келесі редакцияда жазылсын:

"4) ізделушіге арналған статистикалық кәртiшке (NN№28 қосымша).";

ж е т i н ш i а з а т ж о л д а :

"немесе соттың," сөздерінен соң "және жазаны өтеу," сөздерімен толықтырылсын;

келесі мазмұндағы үшінші бөліммен толықтырылсын:

"Іздеу ісін жүргізу туралы келісімді прокурор іздеу ісін жүргізу туралы қаулыға елтаңбалық мөрмен басылған жазбаша рұқсат қағазымен білдіреді";

сегізінші азат жолда "іздеу істерін тіркеу журналында" сөздерінен соң "(N№ 25 қосымша)." сөздерімен толықтырылсын;

#### 8 4 - т а р м а қ т а :

2) тармақша келесі редакцияда жазылсын:

"2) шартты түрде сотталушыға, жазаны өтеу бойынша уәкілетті орган қорытындысымен үкімнің орындалуы ұзартылған сотталушыға қатысты сот үкімі (қаулысы);";

4) тармақша келесі редакцияда жазылсын:

"4) қамауға алынғанның, сотталғанның тергеу абақтысынан, түзеу мекемесінен, айдауылдан қашуы, ауру адамның қатаң оқшаулау жағдайында психиатриялық көмек көрсететін арнайы дәрігерлік мекемеден қашуы.";

келесі мазмұндағы екінші, үшінші және төртінші бөлімдермен  
т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"Тұлғаға іздеу жариялау туралы сот қаулысы (ұйғарымы) қылмыстық іспен бір мезгілде сот арқылы оның заңды күшке енгенінен кейін бір жұмыс күні ішінде қадағалаушы прокурорға жолданады.

Қадағалаушы прокурор тұлғаға іздеу жариялау туралы сот қаулысын (ұйғарымын) іздеу жүргізу тапсырылған органға 3 тәулік ішінде, ал тұлғаға іздеу жариялау туралы прокурордың қаулысын - шығарылғанынан кейін бір жұмыс күні ішінде ж о л д а й д ы .

Қадағалаушы прокурормен іздеу істерін жүргізу заңдылықтарына тексеру олардың прокуратураға келіп түскен сәтінен бастап тәулік ішінде жүзеге асырылады.";

#### 8 5 - т а р м а қ т а :

бірінші азат жол келесі редакцияда жазылсын:

"85. Тіркеу үшін іздеу салу ісі ұсынылады, оған мыналар енгізіледі:";

3) тармақша ", егер ол енгізілсе;" сөздерімен толықтырылсын;

6) тармақша келесі редакцияда жазылсын:

"6) соттылығының болуы (болмауы) туралы талаптың бір айдан аспайтын мерзімде тексерілуі;";

келесі редакциядағы 7) тармақшамен толықтырылсын:

"7) төлқұжат немесе жеке куәлік көшірмесін, көрсетілген құжаттар болмаған жағдайда туу туралы куәлік немесе әскери билет, не болмаса төлқұжаттың 1-нысанының көшірмесі. Көрсетілген құжаттар болмаған жағдайда тұлғаға іздеу жариялау туралы шешімді қабылдаған органмен ізделушінің тегі, аты, әкесінің аты, туған күні мен жері туралы анықтама құрылады және оған бірінші басшының немесе оның міндетін атқарушы тұлғаның қолы, сондай-ақ органның  
м ө р і қ о й ы л а д ы .

Сотпен іздеу жариялау туралы шешім шығарылған жағдайда жоғарыда

аталған әрекеттер қылмыстық іс бойынша сотқа дейінгі өндірісті аяқтаған органмен жүзеге асырылады.";

86-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"86. Тергеу, анықтау органдарынан немесе соттан, жазасын өтеуден жасырынған айыпталушыларға республикалық іздеу жариялау кезінде, жедел-іздеу қызметін жүзеге асыруға уәкілетті органның іздеу бөлімшелері әскери және көліктік аумақтық органдармен қатар, аумақтық органдарға іздеу салу кәртiшкесiнiң 3 данасын және iзделушiге арналған статистикалық кәртiшкенiң 1 данасын жолдайды. Iздеу салу кәртiшкесiнiң бiр данасы тегi бойынша есепке алу картотекасына енгiзiледi, iзделушiге арналған статистикалық кәртiшке әскери және көліктік аумақтық органдармен қатар, аумақтық органның іздеулік есепке алу картотекасына енгізіледі, іздеу кәртiшкесiнiң екi данасы Комитетке жолданады, олардың бiр данасы Комитеттiң тегi бойынша картотекасына орналастырылады, ал екiншiсi ХАБ жолданады.";

келесі мазмұндағы 88-1 тармақпен толықтырылсын:

"88-1. Есепке алу құжаттарындағы аты-жөндеріне, туған күндері мен жерлеріне түзетулер енгізу Комитетпен, әскери және көліктік аумақтық органдармен қатар, аумақтық органмен төлқұжаттың немесе жеке куәлік көшірмелерінің негізінде жүзеге асырылады, көрсетілген құжаттар болмаған жағдайда - туу туралы куәлік немесе әскери билет негізінде, не болмаса төлқұжаттың 1-нысаны негізінде жүзеге асырылады, ал осы көрсетілген құжаттар болмаған жағдайда - тұлғаға іздеу жариялау туралы шешімді қабылдаған орган бастығының қолы қойылған және мөр басылған аты-жөндерін, туған күндері мен жерлерін анықтау жөніндегі анықтамамен жүзеге асырылады.";

89 - т а р м а қ т а :

ү ш і н ш і б ө л і м д е :

жетінші және сегізінші азат жолдар алып тасталсын;

он үшінші азат жол келесі редакцияда жазылсын:

"12) бұлтартпау шарасы";

төртінші бөлім алып тасталсын;

келесі мазмұндағы 89-1 тармақпен толықтырылсын:

"89-1. Осы Қағиданың 89-тармағымен қаралған мәліметтер болмаса, немесе көрсетілген мәліметтер есепке алынған мәліметтермен сәйкес келмесе, лауазымды тұлғалардың қолдары, басылған мөрлер болмаса, немесе мөр таңбасы толық басылмаса, ақпараттық есепке алу құжаттары есепке алынусыз тиісті ресімделуі үшін қайтарылады.

Басқа әрекет бойынша есепте тұрған ізделушіні есепке алу үшін ұсынылған ақпараттық есепке алу құжаттары бұрынғы іздеу бастамашысы туралы, іздеу ісінің нөмірі және жүргізілген күні туралы мәліметтерді хабарлаумен, іздеу

істерінің материалдарын біріктіру және іздеу жүргізетін органды анықтау жөніндегі мәселені шешу үшін іздеу бастамашысына қайтарылуы тиіс.";

келесі мазмұндағы 89-2 тармағымен толықтырылсын:

"89-2. Ізделушімен аты-жөндерінің өзгертілуі жағдайында, іздеуді жүзеге асырушы орган оны әскери және көліктік аумақтық органдармен қатар, аумақтық органға хабарлайды, және осы Қағиданың 86-тармағымен қаралған тәртіпте іздеу кәртiшкелерін ұсынады, сондай-ақ, егер ізделуші мемлекетаралық іздеуге жарияланған болса - ізделушінің кейінгі аты-жөндері бойынша есепке алынуы үшін осы Қағиданың 87-тармағымен қаралған тәртіпте мемлекетаралық іздеу жариялау туралы қаулылар ұсынылады. Есепке алу кезінде әрбір текке ізделушінің басқа тектері бойынша белгі қойылады.";

9 1 - т а р м а қ т а :

бірінші азат жолда "оның нақтылығын тексеру кезінде келесі іс жүргізудің немесе басқасының бірінің болуына назар аудару қажет" сөздері "Сонымен қатар , қаулымен бірге әскери және көліктік аумақтық органдармен қатар, аумақтық органға нақтылығын тексеру үшін мыналардың бірі ұсынылады" сөздерімен ауыстырылсын;

1) тармақшада "изоляциярдың" сөзінен соң "және арнайы дәрігерлік мекеменің" сөздерімен толықтырылсын;

5) тармақшада "." тыныс белгісі ";" тыныс белгісімен ауыстырылсын;

келесі мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) қылмыстық істі ТМД мүше мемлекеттерінің біріне жолдау туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының шығыс нөмірінің белгісімен 1.1. нысанды статистикалық кәртiшке.";

сегізінші азат жол келесі редакцияда жазылсын:

"Іздеудің қысқартылуы туралы қаулының артқы бетінде әскери және көліктік аумақтық органдармен қатар, аумақтық орган қызметкерімен 1.1 нысанды статистикалық кәртiшкенің ұсынылу күні туралы жазба және бұрын тоқтатылған қылмыстық іс бойынша өндірістің жаңғыртылуы туралы белгі немесе 3.0 нысанды статистикалық кәртiшкенің ұсынылу күні туралы белгі және ізделушінің ұсталғанына байланысты істің сотқа жолдануы туралы белгі, не болмаса ізделушіні тергеу абақтысына, арнайы дәрігерлік мекемеге қамауы туралы жазба көрсетіледі.";

93-тармақта "халықаралық іздеу" сөздерінен соң "немесе халықаралық іздеудің қысқартылуы" сөздерімен толықтырылсын;

94-тармақ алып тасталсын;

9 5 - т а р м а қ т а :

екінші азат жол келесі редакцияда жазылсын:

"Іздеу ісін қайта тапсыру туралы шешім қабылданғаннан кейін қылмыстық

қудалау органы Комитетке, сондай-ақ әскери және көліктік аумақтық органдармен қатар, аумақтық органға ілеспе хаттардың көшірмелерін есепке алуда тиісті түзетулер енгізу үшін жолдайды.";

9 6 - т а р м а қ т а :

1) тармақшада "өзі туралы мәліметтерді хабарлай алмайды" сөздерінен соң "(бұдан әрі ауру адамдар немесе балалар)" сөздерімен толықтырылсын;

9 8 - т а р м а қ т а :

5) тармақшада "." тыныс белгісі ";" тыныс белгісімен ауыстырылсын;

келесі мазмұндағы 6) тармақшамен толықтырылсын:

"6) ізделушіге арналған статистикалық кәртiшке (N 28 қосымша).";

сегізінші азат жол келесі редакцияда жазылсын:

"Хабарсыз жоғалған тұлғаларға қатысты іздеу істерін және анықталмаған мәйiттердiң тұлғаларын анықтау бойынша iстердi, белгiсiз ауру адамдарды немесе балаларды тiркеу әскери және көлiктiк аумақтық органдармен қатар, аумақтық органмен немесе аудандық және оларға теңестiрiлген прокуратуралардан орын ауыстырып келген олардың қызметкерлерiмен хабарсыз жоғалған тұлғаларға арналған iздеу iстерiн, денсаулық жағдайлары немесе жас ерекшелiктерi бойынша өздерi туралы мәлiметтердi хабарлай алмайтын белгiсiз ауру адамдарды немесе балаларды есепке алу (N 26 қосымша) журналдарында, және анықталмаған мәйiттердiң тұлғасын анықтау бойынша iстердi есепке алу (N 27 қосымша) журналдарында жүргiзiледi.";

тоғызыншы азат жол алып тасталсын;

оныншы азат жолда "орыс тiлiнде жүзеге асырылады" сөздерiнен соң "мәлiметтердi қысқартусыз," сөздерiмен толықтырылсын;

100-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"100. Хабарсыз жоғалған тұлғаға қатысты iздеу қысқартылған жағдайда, жедел-iздеу қызметiн жүзеге асырушы орган iздеудiң қысқартылуы туралы қаулы шыққан сәттен бастап 3 тәулiктен кешiктiрмей, әскери және көлiктiк аумақтық органдармен қатар, аумақтық органға iздеудiң қысқартылуы туралы қаулының екi данасын жолдайды, ал анықталмаған мәйiттерге, ауру адамдарға немесе балаларға қатысты - есептен алу туралы хабарламаны жолдайды.

Iздеудi қысқарту туралы қаулыда, есептен алу туралы хабарламада iздеу iсiнiң, жеке тұлғаны анықтау бойынша iстiң қысқартылуының негiздiлiгi мен заңдылығын нақтылайтын қадағалаушы прокурордың (оның орынбасарының) елтаңбалық мөрмен басылған қолы қойылады.

Әскери және көлiктiк аумақтық органдармен қатар, аумақтық орган 5 жұмыс күнi iшiнде аталған құжаттарды Комитетке ұсынады, есепке алуда түзету енгiзiлгеннен соң аталған құжаттар ХАБ жолданады.

Iздеудi қысқарту туралы қаулыда iздеудiң қысқартылуы туралы қабылданған

шешімнің себебі жазылады. Мәйітті анықтаумен байланысты іздеудің қысқартылуында, оның табылған жері және тұлғасын анықтау бойынша іс жүргізілуінің нөмірі мен күні көрсетіледі.

Сотпен тұлғаның өлгені туралы хабарланған жағдайда, іздеуді қысқарту туралы қаулыға тиісті сот шешімі жазылады.

Белгісіз балаларға қатысты іздеу ісінің қысқартылу негізі олардың танылуы немесе баланы асырап алуы болып табылады. Бұл жағдайда әскери және көліктік аумақтық органдармен қатар, аумақтық органға тиісті хабарлама жолданады.";

102 тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"102. Хабарсыз жоғалған тұлғаға қатысты іздеу ісінің қайта тапсырылуы туралы шешімнің қабылдануы жағдайында, ішкі істер органы ілеспе хаттардың көшірмелерін Комитетке және оның әскери және көліктік аумақтық органдармен қатар, тиісті аумақтық органдарына есепке алуда өзгерістер енгізу үшін ж о л д а й д ы .

Хабарсыз жоғалған тұлғаны халықаралық іздеуге жариялау кезінде немесе халықаралық іздеудің Қазақстан Республикасы Интерполдың Ұлттық бюросымен қысқартылуында Комитетке және оның әскери және көліктік аумақтық органдармен қатар, тиісті аумақтық органдарына есепке алу мәліметтерін түзету үшін хабарлама жолданады.";

1 0 3 - т а р м а қ т а :

бірінші азат жол келесі редакцияда жазылсын:

"103. Есепке алу толықтығы әскери және көліктік аумақтық органдармен қатар, аумақтық органмен тоқсан сайынғы тексерулер, Сот медицина орталығы филиалдарымен, дәрігерлік мекемелермен, кәмелетке толмағандарды уақытша оқшаулау, бейімдеу және ақтау орталығымен қарсы тексерулер жүргізу жолымен қаматамасыз етіледі.";

екінші азат жол алып тасталсын;

үшінші азат жолда "Толықтық бақылауы" сөздері "Толықтығына бақылау" сөздерімен ауысырылсын, "жолымен" сөзінен соң "жүргізу" сөзімен толықтырылсын;

1 0 7 - т а р м а қ т а :

келесі мазмұндағы үшінші азат жолмен толықтырылсын:

"Өндірісінде тиісті іс орын тапқан органмен анықталмаған мәйіттің таңбасын алуға мүмкіндік болмаса, қолдары суреттелген фотосуреттердің жапсырылуымен және мөрдің басылуымен мәйіттің жағдайы туралы орган бастығының қолы қойылған анықтама құрылады.";

1 0 9 - т а р м а қ т а :

төртінші азат жол келесі редакцияда жазылсын:

"Комитетпен хабарсыз жоғалғандарға қатысты тану картасы мемлекетаралық іздеу жариялау туралы қаулымен бір мезгілде ХАБ жолданады.";

келесі мазмұндағы бесінші азат жолмен толықтырылсын:

"Азаматтардың анықталмаған мәйіттеріне, сонымен қатар қылмыс құрбандарына арналған тану карталары іздеу ісін жүргізген сәттен бастап 3 ай мерзімі ішінде ХАБ орталықтандырылған есепке алынуы үшін жолданады. Басқа есепке алу құжаттары ХАБ бір айда екі рет жолданады.";

келесі мазмұндағы 113-1 тармақпен толықтырылсын:

"113-1. Арнайы қорда сақталуға тиісті емес ақпараттық есепке алу құжаттары акті бойынша жойылады (Қағиданың 17-қосымшасы).";

14-тармақ Қағиданың 5-қосымшасына "сонымен қатар, \_\_\_ мерзімге шартты-мерзімнен бұрын босатуды алып тастаумен байланысты" сөздерімен толықтырылсын;

Қағиданың 9-қосымшасына келесі мазмұндағы 22-тармақпен толықтырылсын :

"22. Қазақстан Республикасының аумағында сотталған және айыпталушылар ретінде қылмыстық жауаптылыққа тартылған шетел азаматтары мен азаматтылығы жоқ тұлғалар бап біліктілігіне байланыссыз ХАБ орталықтандырылған есебіне міндетті түрде алынулары тиіс.";

Қағиданың 10-қосымшасына :

8-тармақта "сотқа дейінгі өндіріс сатысында" сөздері алып тасталсын;

10-тармақтың екінші азат жолы алып тасталсын;

Қағиданың 3, 6, 22, 23 қосымшалары осы бұйрықтың 1, 2, 3, 4 қосымшаларына сәйкес редакцияда жазылсын;

осы бұйрықтың 5-қосымшасына сәйкес редакцияда 24-1 қосымшасымен толықтырылсын;

25-қосымшада журналдың атауы келесі редакцияда жазылсын:

"Тергеуден, анықтаудан, соттан және жазасын өтеуден жасырынған тұлғаларға арналған іздеу істерін есепке алу журналы";

осы бұйрықтың 6-қосымшасына сәйкес редакцияда 28-қосымшамен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитеті (бұдан әрі - Комитет) осы бұйрықты:

1) Қазақстан Республикасы Әділет министрлігіне мемлекеттік тіркелуі үшін;  
2) құқықтық статистика және арнайы есепке алу субъектілеріне, және Комитеттің аумақтық органдарына орындау үшін жолдасын.

3. Осы бұйрықтың орындалуындағы бақылау Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының орынбасары - Комитет Төрағасына (Г.В. Ким) жүктелсін.

4. Осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енеді.

Қазақстан Республикасының

Бас Прокуроры

Қазақстан Республикасы  
Бас Прокурорының  
2006 жылғы 19 қыркүйектегі  
N 52 бұйрығына 1-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Бас Прокурорының  
2004 жылғы 29 сәуірдегі  
N 23 бұйрығымен бекітілген

"Арнайы есепке алудың  
жекелеген түрлерін жүргізу  
мен пайдаланудың

Қағидасына" N 3 Қосымша

**ІЗДЕУ КӘРТІШКЕСІ**

Тегі \_\_\_\_\_

Аты \_\_\_\_\_

Әкесінің аты \_\_\_\_\_

Туылған күні, айы, жылы \_\_\_\_\_

Туылған жері \_\_\_\_\_

Жынысы \_\_\_\_\_ ұлты \_\_\_\_\_

Жеке басын анықтайтын құжат: төлқұжат, жеке куәлік, әскери билет,  
т у у т у р а л ы к у ә л і к

N " " \_\_\_\_\_ жылы \_\_\_\_\_ берілген.

(жеке куәлік немесе төлқұжатты берген органның атауы)

Дактилоскопиялық формуласы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ аумағында жасырынды.

(облыс, қала, аудан, елді мекен)

Іздеудің себебі: \_\_\_\_\_

Қылмыс түрі \_\_\_\_\_ бап.

Бұлтартпау шарасы \_\_\_\_\_

Қылмыстық іс N " " \_\_\_\_\_ 200\_\_ жылы

Тоқтатылды " " \_\_\_\_\_ 200\_\_ жылы " "

200\_\_ жылы N \_\_\_\_\_ іздестіру ісі ашылды.

(іздеу жариялау туралы қаулы шығарылған күн)

Іздестіру \_\_\_\_\_ ИМ (ИБ), ҚПА (КПД), ҰҚК (ҰҚКД) жүргізілуде.  
( о б л ы с )

\_\_\_\_\_ келіп түсті (қайта тапсырылды).

Кәртiшкесi \_\_\_\_\_ толтырды.

(қызметі, шені, тегі)

Бастық \_\_\_\_\_

(органның атауы, шені, тегі)

" \_\_\_ " \_\_\_\_\_ 200\_\_ ж. \_\_\_\_\_

(қолы)

(140 x 95 мөлшер)

Қазақстан Республикасы  
Бас Прокурорының  
2006 жылғы 19 қыркүйектегі  
N 52 бұйрығына 2-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Бас Прокурорының  
2004 жылғы 29 сәуірдегі  
23 бұйрығымен бекітілген  
"Арнайы есепке алудың  
жекелеген түрлерін жүргізу  
мен пайдаланудың  
Қағидасына" N 6 Қосымша

*(құқықтық статистика және арнайы есепке алу органының атауы)*

Анықтау мәліметтерін өзгерту себептері бойынша жеке басын анықтайтын (тегін, атын, әкесінің атын, ұлтын, туған күні мен жерін) құжаттарды ауыстыру мәселесі бойынша әділет органдарына жүгінген азаматтар туралы

### Мәліметтер

N р/н	Әділет органының атауы	Анықтау мәліметтерін өзгерту бойынша жүгінген азаматтың аты-жөні, туған күні, жері	Азаматтың аты-жөні, ұлты, туған күні, туған жері (4 және 5 бағандарда тек өзгертілуге тиісті анықтау мәліметтері толтырылады)		Жеке куәлік, төлқұжат беруге арналған 1-н. өтініш нөмірі
1	2	3	4	5	6

бастығы

\_\_\_\_\_ (орган мөрі, лауазымы, тегі, қолы)

Қазақстан Республикасы  
Бас Прокурорының  
2006 жылғы 19 қыркүйектегі

№ 52 бұйрығына 3-қосымша  
Қазақстан Республикасы  
Бас Прокурорының  
2004 жылғы 29 сәуірдегі  
23 бұйрығымен бекітілген  
"Арнайы есепке алудың  
жекелеген түрлерін жүргізу  
мен пайдаланудың

Қағидасына" № 22 Қосымша

Есепке алу нысаны \_\_\_\_\_

**БАҚЫЛАУ КӨРТШКЕСІ**

Тегі \_\_\_\_\_

Аты, әкесінің аты \_\_\_\_\_

Туған күні \_\_\_\_\_

Туған жері \_\_\_\_\_

(елді мекен, аудан, облыс, өлке, республика)

Жоғалды " \_\_\_ " \_\_\_\_\_ 200\_\_ ж.

Ізделуде \_\_\_\_\_

(АІБ, қалалық ішкі істер органдарымен, ІІББ, ІІМ,  
әскери полиция органдарымен)

Іздеу ісі № \_\_\_\_\_

Ішкі істер органының бастығы \_\_\_\_\_

(органның атауы, атағы, тегі, қолы)

" \_\_\_ " \_\_\_\_\_ 200\_\_ ж.

(140x95 мөлшер)

Қазақстан Республикасы  
Бас Прокурорының  
2006 жылғы 19 қыркүйектегі

№ 52 бұйрығына 4-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Бас Прокурорының  
2004 жылғы 29 сәуірдегі  
23 бұйрығымен бекітілген  
"Арнайы есепке алудың  
жекелеген түрлерін жүргізу  
мен пайдаланудың

Қағидасына" № 23 Қосымша

мәйітті, белгісіз ауру адамды немесе баланы  
есептен алу туралы

### ХАБАРЛАМА

Есепке алудың іздеу мәліметтері: а) \_\_\_\_\_  
(есепке алу нысаны)

б) \_\_\_\_\_  
(тану картасында көрсетілгендей табылған күні мен жері

\_\_\_\_\_ (республика, өлке, облыс)  
танылғанның аты-жөні, туған жылы) жоғалған тұлға, белгісіз ауру  
адам немесе бала ретінде есепке алынды

\_\_\_\_\_ (республика, өлке, облыс)

Жоғалған тұлға, белгісіз ауру адам немесе бала ретінде есепке  
алынған жоқ (керегін сызып қою)

2. Есептен алу негізі \_\_\_\_\_ - танылды  
(керегін сызып қою) \_\_\_\_\_ - өтіп кету бойынша іс

қысқартылды  
- баланы асырап алумен байланысты  
- тұлға анықталды

3. Қайтыс болу себебі \_\_\_\_\_ - ауруы нәтижесінде қайтыс болды  
\_\_\_\_\_ - жазатайым оқиғасынан қаза болды  
\_\_\_\_\_ - қылмыс құрбаны болды  
\_\_\_\_\_ - өзін-өзі өлтіруге байланысты

4. Анықтау \_\_\_\_\_ әдістері  
(керегін сызып қою) \_\_\_\_\_ - хабарсыз жоғалған тұлғаларды

есепке алу бойынша анықталды  
\_\_\_\_\_ - дактилоскопиялық есепке алу  
\_\_\_\_\_ бойынша анықталды  
\_\_\_\_\_ - мәйіттер белгілерінің және  
суреттерінің жинақ-бағдары  
\_\_\_\_\_ бойынша анықталды

\_\_\_\_\_ - басқа да белгілер

5. Тұлғаны анықтау бойынша іс N \_\_\_\_\_

6. Тұлғаны тану (анықтау) күні \_\_\_\_\_

Ішкі істер органының бастығы \_\_\_\_\_

\_\_\_\_\_ (органның атауы, атағы, тегі, қолы)

" \_\_\_\_\_ " \_\_\_\_\_ 200\_\_ ж.

(Қадағалаушы прокурордың аты-жөні, лауазымы және қолы, прокуратура органдарының мөрі)  
(210x145 мөлшер)

Қазақстан Республикасы  
Бас Прокурорының  
2006 жылғы 19 қыркүйектегі  
N 52 бұйрығына 5-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Бас Прокурорының  
2004 жылғы 29 сәуірдегі  
23 бұйрығымен бекітілген  
"Арнайы есепке алудың  
жекелеген түрлерін жүргізу  
мен пайдаланудың  
Қағидасына" N 24-1 Қосымша

## АНЫҚТАМА

Азамат(ша) \_\_\_\_\_  
тегі, аты, әкесінің аты

\_\_\_\_\_ күні (күнін, айын және жылын белгілеумен)

\_\_\_\_\_ және туған жері

200\_\_ жылдың " \_\_ " \_\_\_\_\_ жағдайы бойынша соттылығы бар.

\_\_\_\_\_ басқарма бастығы  
(Комитеттің аумақтық органының, құрылымдық

\_\_\_\_\_ бөлімшесінің атауы, қолы, аты-жөні)

(210 x 147,5 мөлшер)

Қазақстан Республикасы  
Бас Прокурорының  
2006 жылғы 19 қыркүйектегі  
N 52 бұйрығына 6-қосымша

Қазақстан Республикасы  
Бас Прокурорының  
2004 жылғы 29 сәуірдегі  
23 бұйрығымен бекітілген  
"Арнайы есепке алудың

жекелеген түрлерін жүргізу  
мен пайдаланудың

Қағидасына" N 28 Қосымша

**ІЗДЕЛУШГЕ АРНАЛҒАН СТАТИСТИКАЛЫҚ КӨРТІШКЕ**

1. Тұлға санаты - (сыртқы бетін қара)	2. Жасырынды/жоғалды "___" _____ 20__ _ж.
3. ТЕГІ: _____ 4. АТЫ: _____ 5. ӘКЕСІНІҢ АТЫ: _____ 8. Ұлты _____ 10. Азаматтылығы _____	6. Туған күні: "___" _____ 20__ж. 7. Жынысы: (ер-1; әйел-2) 9. Нәсілдік типі (азиялық - 1; европалық - 2; кавказдық - 3)
<b>ТУҒАН ЖЕРІ</b>	
11. Республика _____	12. Облыс _____
13. Аудан _____	14. Елді-мекен _____
<b>ЖЕКЕ ТҰЛҒАСЫН КУӘЛАНДЫРАТЫН ҚҰЖАТ</b>	
15. Құжат типі - (сыртқы бетін қара 16. Сериясы _____ N _____ 17. Берілген күні "___" _____ 20__ж 20. ҚІ қозғаған органның атауы _____ ----- 21. ҚІ нөмірі _____ 23. ҚІ тоқтатылған күні "___" _____ 20__ж. 25. ҚР ҚК бабы _____ бөлігі _____ тармағы _____ 26. Қ ы л м ы с с а н а т ы (1-аса ауыр, 2-ауыр, 3-ауырлығы орташа, 4-онша ауыр емес ) 28. Қарулы (1-иә/2-жоқ) 30. Аса қауіпті рецидивист (1-иә/2-жоқ) 31. Іздеу бастамашысы (атауы) _____ ----- 32. Бастамашының іздеу туралы шешімді шығарған күні "___" "_____ 20__ж. 33. ӨТК тіркеген орган _____ ----- 34. N ӨТК _____ 36. Іздеуді жүзеге асырушы орган (органның атауы) _____ ----- 37. II нөмірі _____ 39. II жүргізілді (1-алғашқы рет; 2-қайта тапсырыс б о й ы н ш а ) Аумақта жасырынды/жоғалды: 40. Ел _____ 42. Аудан _____	18. Ел _____ 19. Орган _____ 22. ҚІ қозғалған күні "___" _____ 20__ _ж. 24. КПБ(Б)/КҚПБ(Б) берілді "___" _____ 20__ж. 27. Бұлтартпау шарасы _____ 29. Бұрын сотталған (1-иә/2-жоқ) 35. ӨТК тіркеген күн "___" _____ 20__ ж. 38. II жүргізу күні "___" _____ 20__ж. 41. Облыс _____ 43. Елді-мекен _____
<b>ҚАЙТА ТАПСЫРЫЛҒАН ІЗДЕУ ІСІ БОЙЫНША ТОЛТЫРЫЛАДЫ</b>	

44. _____ (органның атауы)	
кайта тапсырылды	46. Қайта тапсырылған іздеу ісінің жүргізу күні
45. Қайта тапсырылған іздеу ісінің нөмірі _____	" ____ " _____ 20__ ж.
	Аты-жөні, қолы
47. МГР жариялау күні " ____ " _____ 20__	
ж	
48. Қосымша ақпарат _____	( қ о л ы )
Кәртiшкенiң ҚСЖАЕК келiп түскен күнi " ____ " _____	" ____ " _____ 20__ ж.
_ 2 0 _ _ _ ж .	
ҚСЖАЕК қызметкерi _____	( қ о л ы )
	" ____ " _____ 20__ ж.
Толтырды _____	" ____ " _____ 20__ ж.
(лауазымы, атағы, тегі)	
_____ ПО бастығы	
(атағы, тегі)	
_____ операторы	

К п. 1: ТҰЛҒА САНАТЫ: Бас бостандығынан айыру орнынан қашқан ҚЫЛМЫСКЕР (110-ТМ, 121-тергеу изоляторынан, 132-абактыдан, 143-УҰИ, 154-ӘК, колония-қоныстан - 165); АБАҚТЫДАН (полициядан - 187, әскери нарядтан - 198); ҚАШҚЫН - 220; ЖАЗАСЫН ӨТЕУДЕН ЖАЛТАРҒАН (бас бостандығынан айыруға сотталған, бірақ үкімнің заңды күшіне енгеніне дейін қамауға алынбаған - 231; түзеу жұмыстарына тартылған - 275; үкімнің орындалуы ұзартылған сотталушыға қатысты - 286); ЖАСЫРЫНҒАН (тергеуден - 297; анықтаудан - 298; соттан - 299); ҚАШҚАН (арнайы емдеу-профилактикалық мекемеден АЕПМ - 319; арнайы оқыту-тәрбиелеу мекемесінен - 330; қабалдау-таратудан - 341; жүйке жүйесі ауруханасынан - 352); ӨКІМШ.ҚАДАҒАЛАУДАН ЖАЛТАРҒАН - 363, сонымен қатар, ТМ босатылғанынан кейін таң-н тұрғ. жеріне оралмаған әкімш. қадағалауға алынғандар - 374, сонымен қатар ТЕМ босатылғанынан соң тұғ.орнына оралмаған АСА АУЫР РЕЦИДИВИСТ - 385;

ХАБАРСЫЗ ЖОҒАЛҒАН - 396; автокөлікте хабарсыз жоғалған - 397; мем. нем.қоғ.ұйымдарға залалды өтеуден жалтарған қарызгер немесе жауапкер - 407; алименттерді өтеу туралы істер бойынша - 418; туыскандарымен байланысты жоғалтқандар - 440

К п. 15: ҚҰЖАТ ТҮРІ: 1-ҚР төлқұжаты, 2-жеке куәлігі, 3-әскери билеті, 4-ықтияр хаты, 5-зейнеткер куәлігі, 6-жүргізушінің куәлігі, 7-туу туралы куәлік, 8-РФ куәлігі (жаңа), 9-Өзбекстан төлқұжаты, 10-СССР төлқұжаты, 11-шетел төлқұжаты, 12-Т/Ж куәлігі, 13-төлқұжатты жоғалту туралы куәлік, 14-қамаудағының анықтамасы, 15-Қырғызстан төлқұжаты (сериясы), 16-шетел мемлекетінің төлқұжаты (сериясы, т.б.), 17-қару ұстау рұқсаты, 18-әскери қызметшінің жеке куәлігі, 19-ПМ қызметкерінің қызметтік куәлігі, 20-ҰҚК қызметкерінің қызметтік куәлігі, 21-Қаржы полициясы қызметкерінің қызметтік куәлігі, 22-Президентті қорғау қызметі қызметкерінің қызметтік куәлігі, 23-кеден қызметкерінің қызметтік куәлігі, 24-"БАРЛАУ" қызметкерінің қызметтік куәлігі, 25-депутаттық мандат, 26-техникалық төлқұжат, 27-сенімхат, 28-аңшылық билет, 29-рұқсаттама, 30-рұқсат ( лицензия ), 31-марапат куәлігі, 32-Чернобыль авариясы зардаптарын жоюға қатысушының куәлігі, 33-Отан соғысы ардагерінің куәлігі, 34-Отан соғысы мүгедегінің куәлігі, 35-мүгедек куәлігі, 36-Ауғаныстан соғысына қатысушының куәлігі, 37-шарт, 38-келісімшарт, 39-келісім, 40-неке құру туралы куәлік, 41-қайтыс болғаны туралы куәлік, 42-диплом, 43-толық орта білім туралы аттестат, 44-толық емес орта білім туралы аттестат, 45-СССР немесе РФ шетел төлқұжаты, 46-шетел құжаттары, советтік үлгідегі емес ТМД азаматтарының төлқұжатын қоса, 47-басқалар, 48-формуляр